

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті



Ғылыми кеңес мәжілісінде
қаралды және бекітілді
27.05.2026, №9 хаттама

ЕРЕЖЕ

«Дарынды балаларға арналған жеке білім беру траекториясын жобалау
алгоритмі»



Павлодар, 2026

Ереже Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыруымен («Қазақстан балаларының дарындылығын дамыту бойынша педагогикалық кадрларды даярлаудың кешенді ғылыми-инновациялық жүйесін құру» ЖТН BR 28712263 гранты) шеңберінде әзірленген.

Ережені құрастырушылар: Утилова А. М., Асаинова А. Ж., Шакенова Т. Ж., Байдалинова Б.А., Кабиева С.Ж., Шавалиева З.Ш., Жапарова Б.М., Байсеитова Ж. Б.

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже білім беру ұйымындағы дарынды білім алушылар үшін жеке білім беру траекториясын (бұдан әрі – ЖБТ) жобалаудың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, құрылымын және алгоритмін айқындайды.

1.2. Ереже Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік құжаттарына, инклюзивті және тұлғаға бағдарланған оқыту қағидаттарына, сондай-ақ дарынды балаларды қолдаудың заманауи тәсілдеріне сәйкес әзірленді.

1.3. Жеке білім беру траекториясы – білім алушының зияткерлік, шығармашылық, академиялық, зерттеушілік, көшбасшылық немесе өзге де әлеуетін ашуға бағытталған, арнайы ұйымдастырылған, икемді және бейімделетін даму бағыты.

1.4. ЖБТ келесі қасиеттерді көрсететін білім алушылар үшін әзірленеді:

- жоғары зияткерлік қабілеттер;
- академиялық жетістіктер;
- айқын шығармашылық қабілеттер;
- зерттеушілік белсенділік;
- көшбасшылық қасиеттер;
- оқуға жоғары ынта;
- ойлау ерекшелігі және оқу материалын жылдам меңгеру қабілеті.

1.5. ЖБТ-ны іске асыру мектеп әкімшілігінің, педагогтердің, психологтың, ата-аналардың (занды өкілдердің) және білім алушының өзара ынтымақтастығы негізінде жүзеге асырылады.

2. ЖБТ-ның мақсаты мен міндеттері

2.1. Мақсаты

Дарынды білім алушының қабілеттерін толық ашу және дамыту үшін жеке білім беру бағытын құру арқылы қолайлы жағдай жасау.

2.2. Міндеттері

- білім алушының ерекшеліктері мен әлеуетін анықтау;
- тереңдетілген және кеңейтілген оқытуға жағдай жасау;
- зерттеушілік, шығармашылық және метапәндік құзыреттерді дамыту;
- өзін-өзі реттеу және өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыру;
- тұлғалық және эмоционалдық дамуды қолдауды жүзеге асыру;
- шамадан тыс жүктемені және эмоционалдық күйзелісті (кәсіби шаршауды) болдырмау;
- олимпиадаларға, конкурстарға, жобаларға және ғылыми-зерттеу қызметіне қатысуды ұйымдастыру;

- педагогикалық және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

3. ЖБТ-ны жобалау қағидаттары

ЖБТ-ны жобалау келесі қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

- оқытуды дараландыру;
- икеңділік және бейімделгіштік;
- бастамашылдық пен дербестікті қолдау;
- сабақтағы және сабақтан тыс қызметтің кіріктірілуі;
- үздіксіз мониторинг және түзету;

-баланың психологиялық қауіпсіздігі мен эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету.

4. ЖБТ-ны жобалауға қатысушылар

4.1. Мектеп әкімшілігі:

- сүйемелдеу процесін ұйымдастырады;
- педагогтердің қызметін үйлестіреді;
- ЖБТ-ны іске асыруға қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді.

4.2. Педагогтер:

- бақылау және диагностика жүргізеді;
- білім беру тапсырмаларын әзірлейді;
- ЖБТ-ны іске асыруды сүйемелдейді;
- нәтижелердің мониторингін жүзеге асырады.

4.3. Педагог-психолог:

- психологиялық диагностика жүргізеді;
- педагогтер мен ата-аналарға кеңес береді;
- білім алушының эмоционалдық жағдайын қадағалайды.

4.4. Ата-аналар:

- ЖБТ-ны келісуге қатысады;
- баланы қолдау үшін қажетті жағдай жасайды;
- мектеппен өзара байланыста жұмыс істейді.

4.5. Білім алушы:

- мақсаттарды айқындауға қатысады;
- жеке жоспарды орындайды;
- өзін-өзі бағалау және рефлексия үдерісіне қатысады.

5. Жеке білім беру траекториясын жобалау алгоритмі

5.1. Дарындылықты анықтау

Осы кезеңде төмендегілер жүзеге асырылады:

- педагогикалық бақылау;
- оқу жетістіктерін талдау;
- қабілеттерді диагностикалау;
- психологиялық зерттеу;
- конкурстарға, олимпиадаларға, жобаларға қатысуын талдау;
- білім алушының қызығушылықтары мен оқу мотивациясын анықтау.

Әдістері:

- тестілеу;
- сауалнама жүргізу;
- педагогтердің сараптамалық бағалауы;
- әңгімелесу;
- портфолионы талдау.

5.2. Кешенді диагностика жүргізу және білім алушының профилін құрастыру

Төмендегілер анықталады:

- күшті жақтары;
- дарындылық түрі;
- білім беру қажеттіліктері;

- мотивация деңгейі;
- ойлау ерекшеліктері;
- эмоционалдық-еріктік саласы;
- коммуникативтік ерекшеліктері.

5.3. Мақсаттар мен күтілетін нәтижелерді айқындау

Төмендегілер белгіленеді:

- қысқа мерзімді мақсаттар;
 - орта мерзімді мақсаттар;
 - ұзақ мерзімді даму мақсаттары.
- Күтілетін нәтижелерге мыналар кіреді:

- академиялық жетістіктер;
- зерттеушілік дағдылардың дамуы;
- олимпиадаларға қатысу;
- креативтілікті дамыту;
- көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру;
- өздігінен білім алу дағдыларын дамыту.

5.4. Жеке білім беру траекториясын жобалау

Төмендегілер әзірленеді:

- жеке оқу жоспары;
- тереңдетілген және қосымша курстардың тізбесі;
- сабақтан тыс қызмет түрлері;
- зерттеу және жобалық тапсырмалар;
- сүйемелдеу кестесі;
- нәтижелерді мониторингтеу жүйесі.

ЖБТ құрамына енгізіледі:

- таңдау бойынша курстар;
- жеке консультациялар;
- олимпиадаларға дайындық;
- ғылыми жобалар;
- қашықтан білім беру ресурстары;
- конкурстар мен конференцияларға қатысу;
- тәлімгерлік (менторлық).

5.5. ЖБТ-ны келісу

ЖБТ келесі қатысушылармен келісіледі:

- мектеп әкімшілігімен;
- педагогтермен;
- педагог-психологпен;
- ата-аналармен;
- білім алушымен.

Келісілгеннен кейін білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

5.6. ЖБТ-ны іске асыру

Іске асыру барысында:

- білім алушыны сүйемелдеу ұйымдастырылады;
- ағымдағы мониторинг жүргізіледі;

- педагогикалық қолдау көрсетіледі;
- бастамашылдық пен дербестікті дамытуға жағдай жасалады.

5.7. Мониторинг және түзету

Мониторинг мыналарды қамтиды:

- білім беру нәтижелерін талдау;
- даму динамикасын бақылау;
- эмоционалдық жағдайды бағалау;
- қатысу белсенділігі мен мотивациясын талдау.

ЖБТ-ға түзетулер енгізіледі:

- білім алушының қызығушылықтары өзгерген жағдайда;
- жетістіктер деңгейі өзгерген жағдайда;
- шамадан тыс жүктеме анықталған жағдайда;
- аралық мониторинг қорытындылары бойынша.

6. ЖБТ құжаттамасы

Құжаттама топтамасына мыналар кіреді:

- дарындылықты анықтау картасы;
- диагностикалық материалдар;
- білім алушының профилі;
- жеке даму жоспары;
- сүйемелдеу кестесі;
- мониторинг парақтары;
- жетістіктер портфолиосы;
- талдамалық анықтамалар.

7. ЖБТ-ны іске асыру тиімділігін бағалау

ЖБТ тиімділігі келесі критерийлер бойынша анықталады:

- кабілеттердің дамуындағы оң динамика;
- оқу мотивациясының артуы;
- олимпиадалар мен конкурстарға қатысуы және жетістіктері;
- зерттеушілік белсенділіктің дамуы;
- өздігінен білім алу дағдыларының қалыптасуы;
- білім алушының эмоционалдық әл-ауқаты;
- ата-аналар мен педагогтердің сүйемелдеу нәтижелеріне қанағаттануы.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Осы Ереже білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен қолданысқа енгізіледі.

8.2. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен енгізіледі.

8.3. Осы Ереженің орындалуын бақылау дарынды білім алушылармен жұмысты үйлестіретін мектеп басшысының орынбасарына жүктеледі.